# 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ. АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ.

## *2024 - 2025 ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ*

| | |
|---|---|
| 2 сәуір - емтихан материалдарына тапсырыс беру | ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҒА ЕМТИХАН МАТЕРИАЛЫН ДАЙЫНДАУ ҮШІН 9 СЫНЫП ПӘНДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН ЖИНАҚТАУ |
| 16 мамыр - қорытынды аттестаттаудан босату үшін құжаттарды қабылдау | ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН БОСАТУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ ДАЙЫНДАУ ҮШІН 9, 11 СЫНЫП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ |
| 23 мамыр - 1-11 сыныптардағы оқу сабақтарының соңғы күні | "BilimClass" ЖУРНАЛЫНДА ТИІСТІ РӘСІМДЕУ |
| 30 мамыр - мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу сабақтарының соңғы күні | "BilimClass" ЖУРНАЛЫНДА ТИІСТІ РӘСІМДЕУ |
| 25 мамыр - салтанатты жиын | 11 СЫНЫП ТҮЛЕКТЕРІ |
| 26 - 30 мамыр - аралық аттестаттау | 5-8, 10 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ ҮШІН "ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША ЕМТИХАН |
| 29 мамыр - 10 маусым - қорытынды аттестаттау | 9 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДАР |
| 30 мамыр - 16 маусым - қорытынды аттестаттау | 11 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДАР |

# 2024 – 2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 2-8, 10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АТТЕСТАТТАУ



**Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары** *(ҚР БҒМ 2008.03.18 № 125 бұйрығы, өзгерту енгізілді ҚР БЖМ 2024.10.31 № 321 бұйрығы)*

7 тармақ.... **1 сыныпта** білім алушылардың оқу жетістіктері **бағаланбайды**.

29 тармақ. Ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша **психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы** бойынша қайта оқу жылы ұсынылатын білім алушыларды қоспағанда, 1-сыныптың білім алушылары **екінші оқу жылына қалдырылмайды**. 1-сыныпта баланы қайта оқыту педагогикалық кеңестің шешімімен ресімделеді.

30 тармақ. **2-11 сынып** білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары **жақын бүтіндікке дөңгелектеу** арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының **орташа арифметикалық** мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады..

31 тармақ. ... **"3", "4", "5" бағаларын алған** 2-8 және 10 сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

31 тармақ. **Бір немесе екі пәннен "2"** бағасын алған 2-8 және 10 сынып білім алушылары үшін мектеп жасаған кестеге сәйкес жүргізілетін оқу жылындағы материал мазмұнын қамтитын **жиынтық бағалау** оқу жылына ұйымдастырылады.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқалы қойылады.

**Үш немесе одан да көп пәннен "2" бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары қайта оқуға орнында қалдырылады.**

32 тармақ. **Бір немесе екі оқу пәнінен қайта "2" бағасын алған** 2-8 және 10 сыныптардың білім алушылары осы пәндерден қосымша жиынтық бағалаудан өткізіледі.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқылы қойылады.

Қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылының басына дейін өткізіледі.

**Қосымша жиынтық бағалаудан "2" деген баға алған жағдайда, білім алушы сол сыныпта оқуға орнында қалдырылады.**

**33 тармақ. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.**

## "ҚАЗАҚ ТІЛІ" ПӘНІ БОЙЫНША АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ

Емтихан мерзімі: **26-30 мамыр аралығы**

**Педагогикалық кеңеспен** айқындалады

**5-8,10 сыныптың** білім алушылары

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде **МЖМБС** игеру

Емтихан форматы: **жазбаша және ауызша**

Тапсырмаларды **пән мұғалімі** құрайды, оны **мектеп әкімшілігі** бекітеді.

Қорытынды баға

- Бес балдық шкала бойынша: емтихан және жылдық бағалау нәтижелері негізінде 30% 70% арақатынаста (қорытынды бағалау ең жақын бүтінге қарай дөңгелектеледі).
- аралық аттестаттаудан босатылған білім алушылар үшін жылдық бағалау негізінде қойылады, ағымдағы оқу жылы бойынша.

**Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, педагогтер құрастырады**

## "ҚАЗАҚ ТІЛІ" ПӘНІ БОЙЫНША ЕМТИХАННАН БОСАТУ

- Мектеп директорының бұйрығы

Бұйрық үшін негіздер:

- "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген **№ 026/е нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;**
- жақын туыстарының қайтыс болуы туралы **куәлік**.

Босату үшін негіздер

- Денсаулық жағдайына байланысты;
- Бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- Жақын туыстарының қайтыс болуы.

***35, 35-1 тармақтары***

Ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары....
*(ҚР БҒМ 2008.03.18 № 125 бұйрығы)*

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДАР

**5 ЕМТИХАН:**
**4 МІНДЕТТІ, 1 ТАҢДАУ БОЙЫНША**

**Мектептердің барлық сыныптарындағы жазбаша емтихан жұмыстары Астана қаласының уақытымен таңертеңгі сағат 10:00-де басталады.**

**30 мамыр**
Қазақстан тарихы (билеттер)
ауызша емтихан

**4 маусым**
алгебра және анализ бастамалары
жазбаша емтихан
***"2" және "5 "*** *деген бағаға бағаланған жазбаша жұмысқа рецензия жасалады*

**9 маусым**
оқыту тілі бойынша - эссе -
жазбаша емтихан

***"Алтын белгі"*** *аттестатына үміткерлердің жұмысын облыстық Комиссия тексереді*

**12 маусым**
таңдау пәні (*физика, химия, биология, география, геометрия, әдебиет, құқық негіздері, дүниежүзі тарихы, шетел тілі, информатика*)
жазбаша емтихан

**16 маусым**
Орыс тілі мен әдебиеті
жазбаша емтихан

## НЕГІЗГІ ОРТА, ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ КУРСЫ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН БОСАТУ

**50, 51, 66 тармақтары** Ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары.... *(ҚР БҒМ 2008.03.18№ 125 бұйрығы)*

Қорытынды емтихандардан босату үшін негіздер:

- денсаулық жағдайына байланысты;
- бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер болып табылатын жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар;
- жақын туыстарының қайтыс болуы.

Қорытынды аттестаттаудан босату үшін негіз болып табылатын құжаттар тізбесі:

- ҚР ДСМ м.а. 30.10.2020 ж. № ҚР бұйрығымен бекітілген № 026/у нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" ДСМ-175/2020, білім алушылар санаты үшін: денсаулық жағдайы бойынша, 1,2 топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар мектеп дәрігерінің (ауылдық жерде - аудандық педиатр) ұсынуы бойынша жасалған тұрғылықты жері бойынша емхананың ДКК анықтамасы);
- Барлық санаттағы білім алушылар үшін мектептің педагогикалық кеңесінің шешімінен көшірме және мектептің қолдау хаты. Құжаттар мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталады;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 20317 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес білім алушының оқу үлгерімі туралы табелінің (бұдан әрі – табель) телнұсқасы және көшірмесі. Табельдің түпнұсқасы оның көшірмесімен сәйкестігі тексерілгеннен кейін мектеп әкімшілігіне қайтарылады. Табельдің көшірмесі мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталады;
- Жақын туыстарының қайтыс болуы туралы куәлік.

**БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ**

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттесттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес **педагогикалық кеңес шешеді.**

**Қорытынды аттестаттаудан босатылған білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде қойылады**

## ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ 9 СЫНЫП

**4 ЕМТИХАН: 3 МІНДЕТТІ, 1 ТАҢДАУ БОЙЫНША**

Мектептердің барлық сыныптарындағы жазбаша емтихан жұмыстары Астана қаласының уақытымен таңертеңгі **сағат 10:00-де** басталады.
ауызша емтихан – **сағат 09:00**.

---

**29 мамыр** - математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;
***!!!* "2" және "5"** деген бағаға бағаланған жазбаша жұмысқа мектеп Комиссиясы рецензия береді;

---

**2 маусым** - қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);

---

**5 маусым** - таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шетел тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика бойынша жазбаша емтихан;

---

**10 маусым** - қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан